

## **Carlsberg Group жеткізушілері мен лицензиаттарының тәртіп кодексі**

### **Кіріспе**

#### **Біздің басымдықтарымыз**

Carlsberg Group іскерлік этиканың үздік тәжірибелерін енгізу және қолдану, тұрақты болашақты қамтамасыз ету арқылы қоғамның дамуына және қоршаған ортаны қорғауға оң үлес қосуға ұмтылады. Біз өзіміздің этикалық нормаларымызды мақтан тұтамыз және біздің жеткізушілеріміз, лицензиаттарымыз бен дистрибьюторларымыз (бұдан әрі — «**Жеткізуші**» немесе «**Жеткізушілер**») да біздің стандарттарымызды қабылдайтынына үміттенеміз. Осылай жұмыс істеу арқылы біз өз акционерлеріміздің және басқа да мүдделі тараптардың, соның ішінде өз қызметкерлеріміздің, іскери серіктестеріміздің және өз қызметімізді жүзеге асыратын аймақтардағы тұрғындардың мүдделеріне сәйкес тиімді әрекет етуге тырысамыз.

Carlsberg Group БҰҰ Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясын қолдайды және БҰҰ Ғаламдық шартының қатысушысы болып табылады, яғни оның еңбек құқықтары мен адам құқықтары, денсаулық пен қауіпсіздік, қоршаған ортаны қорғау және іскерлік этика (сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті қоса алғанда) саласында оның 10 қағидатын сақтайды. Сонымен қатар Carlsberg Group белсенді және адал бәсекелестікті қолдайды және қызметкерлер мен үшінші тұлғалардың дербес деректерін қорғауға үлкен мән береді.

#### **Қолдану саласы**

Осы Кодекс Carlsberg Group компаниясының барлық Жеткізушілері үшін әзірленген. Кодексті сақтау міндеті Carlsberg Group пен Жеткізуші арасындағы кез келген келісімнің ажырамас бөлігі болып табылады.

Бұдан басқа осы Кодекстің ережелері Жеткізушінің барлық қызметкерлеріне және оны жеткізудің барлық тізбегіне қолданылады. Жеткізушінің міндеті – осы Кодексті оның қызметкерлерінің, қосалқы жеткізушілердің, қосалқы мердігерлердің, қосалқы лицензиаттардың және оның атынан әрекет ететін өзге де тұлғалардың сақтауын қамтамасыз ету. Carlsberg Group осы Кодекстің өзектілігі мен тиімділігін мерзімді бағалайды және Жеткізушілерді оған енгізілген кез келген өзгерістер туралы хабардар етеді.

#### **Осы Кодексті және заңнама талаптарын сақтау**

Жеткізуші қолданыстағы заңдар мен нормативтік актілерді (бұдан әрі — «**Қолданыстағы заңнама**») сақтауға міндетті. Осы Кодекс Carlsberg Group өз серіктестерінен заң талаптарына қосымша сақталуын күтетін тәртіп нормаларын белгілейді. Жеткізушілер Carlsberg Group сұратуы бойынша Кодекстің және Қолданыстағы заңнаманың ережелерін сақтайтынын растауға міндетті.

Carlsberg Group тұрақты жетілуге ұмтылады және біз Жеткізушілермен ұзақ мерзімді және өзара тиімді қарым-қатынастарды құру біздің жетістігіміздің кепілі болып табылатынына сенімдіміз. Біз адал және ашық қарым-қатынасты бағалаймыз және өзара әрекеттестік тиімділігі олардың ашықтығына тікелей байланысты деп есептейміз.

Осы Кодекс бұзылған кез келген жағдайдағы Жеткізушінің міндеттері: (i) бұл туралы Carlsberg Group басшылығына және/немесе оның заңды өкіліне дереу хабарлау; және (ii) осы бұзушылықтарды уақтылы жою. Carlsberg Group Жеткізушінің осы Кодексті сақтауын тексеру құқығын өзіне қалдырады, бұл ретте Жеткізуші Carlsberg Group-ке Жеткізушінің аумағына және қажетті ақпаратқа қажетті қолжетімділікті ұсынуға міндетті.

Жеткізушімен жасалған келісімде қандай ережелер бар екеніне қарамастан, Carlsberg Group келісімді бұзу немесе осы Кодексті сақтамайтын Жеткізушімен жұмыс істеуден бас тарту құқығын өзіне қалдырады, бұл ретте Carlsberg Group Жеткізушіге осындай шартты бұзуға байланысты туындаған шығындарды өтемейді.

## **1. Еңбек құқықтары және адам құқықтары**

### **1.1. Кемсітушілікке жол бермеу**

Жеткізуші қызметкерлердің нәсілі, терісінің түсі, жынысы, тілі, діні, саяси немесе өзге де нанымдары, кастасы, ұлттық немесе әлеуметтік шығу тегі, мүліктік жағдайы, тууы, кәсіподақтарға қатыстылығы, сексуалдық бағдарлары, жасы, мүгедектік белгілері немесе кез келген басқа белгілер бойынша кемсітушілікке жол бермеуге міндетті.

Жұмысқа қабылдауды, жұмыстан босатуды, зейнеткерлікке шығуды қоса алғанда, еңбек қатынастары саласындағы мәселелер бойынша шешімдердің тек заңды және объективті өлшемшарттарға негізделуі тиіс.

### **1.2. Мәжбүрлі еңбек**

Жеткізуші міндеттері: (i) мәжбүрлі немесе құлдық еңбекті оның кез келген түрінде пайдаланбау, адам саудасына қатыспау және өздері үшін қандай да бір өзге жолмен пайда көру; (ii) құлдық пен адам саудасына қарсы күреске қатысты Қолданыстағы заңнаманың барлық ережелерін сақтау; (iii) осы ережелердің сақталуына кепілдік беретін өз саясаты мен рәсімдерін әзірлеу және іске асыру; (iv) мердігерлерді, жеткізушілерді және жеткізушілер тізбегінің өзге де қатысушыларын тексеру бойынша рәсімдерді ендіру арқылы жеткізушілер тізбегінде құлдық еңбектің немесе адам саудасының жоқтығын қамтамасыз ету; және (v) Carlsberg Group-пен қандай да бір келісімге қатысы бар жеткізушілер тізбегіндегі Қолданыстағы заңнаманың тиісті ережелерін немесе құлдық, не болмаса адам саудасының кез келген нақты немесе болжамды жағдайларында кез келген бұзушылық немесе әлеуетті бұзушылық туралы Carlsberg Group компаниясын дереу хабардар ету.

### **1.3. Балалар еңбегі**

Жеткізуші балалардың еңбегін пайдаланбауға және өзі қандай да бір жолмен одан пайда көрмеуге міндетті. Егер Қолданыстағы заңнамада жұмысқа қабылдаудың ең төменгі неғұрлым жоғары жасы белгіленбесе, Жеткізушінің барлық штаттық қызметкерлерінің жасының кемінде 15 жаста болуы тиіс. Дамушы елдер үшін Біріккен Ұлттар Ұйымы белгілеген ерекшеліктерге, қолданыстағы заңнамаға сәйкес жұмысқа орналасу үшін ең төменгі жас 14 жасты құрайтын елдерде осындай төменгі жастың қолданылуы мүмкін.

Жеткізуші нәтижесінде олардың денсаулығы, қауіпсіздігі немесе адамгершілігі тәуекелге ұшырауы мүмкін қауіпті жағдайларда жұмыс істеу болжанатын лауазымдарға 18 жасқа толмаған қызметкерлерді қабылдамауға міндетті.

### **1.4. Бірлестіктер еркіндігі және ұжымдық шарттар жасасу**

Жеткізуші қызметкерлердің өз қалауы бойынша кәсіподақтарға немесе басқа да ұйымдарға кіру (немесе кіруден бас тарту), сондай-ақ қорқыту, қысым көрсету немесе жұмыстан босату сияқты жазалау әрекеттерінен қорықпай, ұжымдық келіссөздер жүргізу құқығын құрметтеуге міндетті.

### **1.5. Қауіптер мен қысымдар**

Жеткізуші қызметкерлерді өздерінің ұжымдастары тарапынан да, басшылар тарапынан да жұмыс орнында дене, ауызша, сексуалдық немесе психологиялық қысым көрсетуден, қорлаудан немесе қорқытудан қорғауға міндетті.

### **1.6. Жұмыс уақыты, өтемақылар мен жеңілдіктер, жалақы**

Жеткізуші қайсысы қатаңырақ екеніне байланысты жалақыға, жұмыс уақытына, үстеме жұмысқа және жеңілдіктерге қатысты Қолданыстағы заңнаманы немесе салалық стандарттарды ұстануға міндетті.

Жеткізуші қызметкерлерінің жұмыс уақытының ұзақтығы үстеме уақыттағы жұмысты қоса алғанда, аптасына 60 сағаттан аспау керек (немесе жұмыс уақытының қалыпты ұзақтығы және үстеме уақыт үшін Қолданыстағы заңнамада белгіленген шектеулерден аспау керек).

Үстеме жұмыс үшін ақы төлеу үнемі және заңды тәсілдермен жүргізілу керек. Жеткізушінің қызметкерлеріне аптасына кем дегенде бір демалыс күні, сондай-ақ жұмыс күні ішінде қажетті үзілістер және ауысымдар арасында демалу үшін жеткілікті уақыттың берілуі тиіс.

### **1.7. Төленетін демалыс**

Жеткізуші Қолданыстағы заңнамада көзделген көлемде және шарттарда қызметкерлерге уақытша еңбекке жарамсыз болған жағдайда жұмыс орнында болмау мүмкіндігін, жыл сайынғы демалысты, сондай-ақ бала тууға немесе бала асырап алуға байланысты демалысты беруге міндетті. Берілген құқықтарды жүзеге асыратын қызметкерлерді жұмыстан босатуға (немесе жұмыстан босатуға қорқытуға) тыйым салынады.

### **1.8. Қызметкерлермен еңбек шарты**

Жеткізуші әрбір қызметкермен жазбаша түрде түсінікті жазылған және заң жүзінде орындалуға міндетті еңбек шартын жасасуға міндетті.

## **2. Денсаулық сақтау және қауіпсіздік**

Жеткізуші өз қызметкерлері мен мердігерлерінің қызметкерлерін қауіпсіз еңбек жағдайларымен қамтамасыз етуге міндетті, оның ішінде ұстануға қажетті ережелер мен рәсімдерді әзірлеу, жеке қорғаныс құралдарын ұсыну, персоналды өз міндеттерін қауіпсіз орындауға үйрету. Бұдан басқа Жеткізуші қызметкерлердің (және оның объектілеріндегі өзге де тұлғалардың) қауіпсіздігіне және қоршаған ортаға кез келген қатерді сәйкестендіруге және жоюға немесе тиісті түрде бақылауға міндетті. Жеткізуші қызметкерлерді және оның қызметі әсер ететін өзге де тұлғаларды қорғау үшін қолданылатын шараларды анықтаумен денсаулық сақтау және қауіпсіздік бойынша жоспарларды әзірлеуге және орындауға міндетті.

### **2.1. Ақпараттандыру жүйесі, тіркеу және жазатайым оқиғалар**

Жеткізуші Қолданыстағы заңнамаға сәйкес тиімді жүйелерді әзірлеуге және олардың жұмыс істеуін қолдауға міндетті: (I) денсаулық пен еңбекті қорғау мәселелері бойынша қызметкерлерді хабардар ету және оларға кеңес беру; және (II) жұмыс орнындағы қауіпсіздік пен денсаулық қатерге ұшыраған жазатайым оқиғаларды, жарақаттарды және өзге де белгілі жағдайларды уақытылы және толық тіркеу.

## **2.2. Төтенше жағдайларға жауап қайтару рәсімдері**

Жеткізуші қызметкерлердің өмірі мен денсаулығына ықтимал қауіпті және объектілер мен жақын орналасқан аудандардың қауіпсіздігіне қауіп төндіретін апаттық және төтенше жағдайлардың тиімді түрде алдын алуға және жоюға бағытталған рәсімдерді әзірлеуге және қолдауға міндетті.

## **2.3 Carlsberg Group объектілеріндегі еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы бойынша талаптар**

Carlsberg Group объектілеріне барған кезде немесе онда жұмыс жасағанда Жеткізуші мен оның мердігерлері Carlsberg Group белгілеген еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы бойынша ережелер мен талаптарды қатаң ұстануға міндетті.

## **3. Экологиялық тұрақтылық**

Жеткізуші өз шаруашылық қызметіне, шығарылатын өнімге, көрсетілетін қызметтерге қатысты қоршаған ортаны қорғау саласындағы заңнама талаптарын білуге және сақтауға міндетті. Жеткізуші қажетті қызметкерлерді тұрақты оқыту, сондай-ақ өз шаруашылық қызметін тиімді операциялық бақылау және мониторингілеу арқылы қоршаған ортаны қорғау жөніндегі нормалардың сақталуын қамтамасыз етуге міндетті. Қолданыстағы заңнаманы сақтауға қосымша Жеткізуші климаттың өзгеруі, су ресурстарының сақталуы сияқты оның индустриясы үшін маңызды мәселелерді анықтауға, бақылауға және белсенді түрде шешуге міндетті.

### **3.1. Қоршаған ортаны қорғау мәселелерін басқару**

Жеткізуші өз қызметінің, өнімі мен қызметтерінің қоршаған ортаға кез келген теріс әсеріне жол бермеуге ұмтылу керек, Жеткізуші қоршаған ортаға қолайсыз әсердің салдарын барынша азайтуға және жоюға, қоршаған ортаға қолайсыз әсер ету туралы есептілікті ұсынуға бағытталған тиімді жүйені ендіруге және пайдалануға міндетті. Жеткізуші оның ішінде жеткізудің бүкіл тізбегі бойынша экологиялық көрсеткіштерді жақсарту мақсатында өз жеткізушілерімен жұмыс істеу арқылы қоршаған ортаға теріс әсердің тұрақты түрде қысқартылуын қамтамасыз етуге міндетті.

### **3.2. Көміртек шығарындысын басқару**

Жеткізуші көміртек шығарындысының көлемін қысқарту бойынша жұмыстың басым бағыттарын айқындап, жеткізушілердің барлық тізбегі бойынша өз қызметі процесінде (мысалы, парниктік газдар шығарындысы бойынша хаттамалармен анықталғандай атмосфераға CO<sub>2</sub> шығарындысы) орын алатын көміртектің тікелей немесе жанама шығарындысы көлемін азайту бойынша белсенді түрде жұмыс істеуге міндетті.

### **3.3. Су ресурстарын басқару және қалдықтарды қайта өңдеу**

Егер Жеткізуші судың едәуір көлемін санитарлық-гигиеналық мақсаттарда пайдаланбаса, ол суды алу мен тұтынуды реттейтін және суды тұтыну көлемін қысқартуға немесе оны қайта пайдалануға бағытталған рәсімдерді белгілеу керек. Жеткізуші су тапшылығы байқалатын аймақтарда су ресурстарын басқаруға ерекше назар аудару керек.

Жеткізушінің қызметі нәтижесінде пайда болатын ағын сулардың Жеткізушінің объектілерінде тікелей қажетті тазартудан өтуі немесе сыртқы тазарту құрылыстарына берілуі тиіс.

Егер Жеткізуші арнайы химиялық заттарды (тұрмыстық химиялық заттардан басқа) пайдаланатын болса, ол мыналарға міндетті: (i) зиянды заттарды қоса алғанда, осындай химиялық заттарды сәйкестендіру, сатып алу, сақтау, жұмыс істеу, пайдалану және кәдеге жарату бойынша тиісті рәсімдерді әзірлеу және іске асырылуын қамтамасыз ету және (II) материалдар қауіпсіздігінің жарамды паспорттарына ие болу.

Егер ол уәкілетті органдармен рұқсат етілмеген болса, қауіпті қалдықтарды қалдықтар төгетін орындарға орналастыруға немесе оларды алаңшада жағуға жол берілмейді. Қауіпсіз қалдықтарды қалдықтар төгетін орындарға орналастыру немесе оларды алаңшада жағу кезінде Қолданыстағы заңнаманың барлық талаптарын ұстану қажет.

Жеткізуші атмосфераға шығарындыларға (иісі бар заттарды қоса алғанда), шуылмен мазалауға, топырақтың ластануына (бұрынғы және ағымдағы ластануды қоса алғанда), су жинауға, жер асты және жер үсті суларына шығарындыларға, сондай-ақ қалдықтарды өңдеу мен жоюға қатысты Қолданыстағы заңнама талаптарының сақталуын қамтамасыз етуге міндетті.

## **4. Искерлік этика**

### **4.1. Сыбайлас жемқорлық және парақорлық**

Шаруашылық қызметті жүзеге асыру процесінде Жеткізуші сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет туралы Қолданыстағы заңнаманы сақтауға, атап айтқанда келесілерден тартынуға міндетті: қандай да бір құндылықтарды мемлекеттік қызметкерлерге, іскерлік серіктестерге, сондай-ақ өзге де тұлғаларға тікелей немесе жанама уәде ету, ұсыну немесе беру арқылы заңсыз артықшылықтарға ие болу; немесе (II) заңсыз артықшылықтарға ие болу немесе коммерциялық шешімдерді қабылдауға ықпал ету мақсатында сыбайлас жемқорлықтың, қорқытып алушылықтың, ұрлықтың немесе алаяқтықтың өзге де түрлеріне қатысу. Жеткізуші өз қызметкерлері мен серіктестерін Қолданыстағы заңнамамен таныстыруға және олардың талаптарды сақтауын қамтамасыз етуге міндетті.

### **4.2. Сыйлықтар мен ойын-сауықтар**

Жеткізуші коммерциялық шешімдер қабылдауға ықпал ету мақсатында Carlsberg Group қызметкерлеріне қатысты қаржылық көмек көрсетуден, садақа, қымбат сыйлықтар беруден, экстравагантты ойын-сауық немесе басқа да қонақжайлылық көріністерін көрсетуден бас тартуға міндетті. Жеткізуші Carlsberg Group қызметкерлеріне ұсынылған сыйлықтар мен ойын-сауықтар ашық сипатта және рұқсат етілген коммерциялық негіздемеге ие екендігіне көз жеткізуге міндетті. Жеткізуші сатып алулар департаментінде жұмыс істейтін Carlsberg Group қызметкерлеріне ешбір жағдайда сыйлықтар, ойын-сауықтар, сапарлар немесе қонақжайлылықтың өзге де көріністерін ұсынбауы тиіс.

### **4.3. Мүдделер қақтығысы**

Егер олардың жеке мүдделері Carlsberg Group-тың объективті және ең жақсы мүдделерінде ықпал ету қабілетіне әсер ететін болса, Carlsberg Group қызметкерлерінің мүдделер қақтығысына тап болуы мүмкін. Жеткізушінің мүдделер қақтығысын тудыратын немесе мүдделер қақтығысының бар болуы туралы ақылға қонымды пайымдауға ие қызметке қатыспауы тиіс. Мүдделер қақтығысы туындаған кезде Жеткізуші дереу оны жою бойынша шараларды қолдануға міндетті.

## **5. Бәсекелестік және адал сауда**

Жеткізуші мақсаты немесе нәтижесі бәсекелестікті жою немесе шектеу болып табылатын және/немесе Қолданыстағы Бәсекелестік немесе адал сауда туралы заңнаманың ережелерін бұзатын қандай да бір келісімдер (жазбаша немесе ауызша) жасаспау немесе өзге де іс-әрекеттерді жүзеге асырмау керек.

## **6. Деректерді қорғау**

Жеткізушінің деректерді қорғауға және дербес деректерді өңдеуге қатысты Қолданыстағы заңнама талаптарын толық көлемде ұстануы тиіс.